



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

өсуінде»,—дейді. Тәрбиешінің аздығы баланың дамуын тежейді, даму ең алдымен ересектермен қарым-қатынас процесінде, іс-әрекетте ілгері басады. Нәресте неғұрлым жас болса, соғұрлым ол әлсіз болады, сондықтан да қай ортада өмір сүрсе, соған тәуелді болады.

Отбасында және отбасынан тыс тәрбиеленген балалардың психологиялық дамуы жөніндегі ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, көп жағдайда отбасы тәрбиесіндегі балаларға қарағанда отбасынан тыс тәрбиеленушілердің даму барысының әлде қайда баяу екендігін көреміз. Вербалды емес функцияның қалыптасуының тоқырауға ұшырауы ерте жастағы ойлауға, балалардың айналадағы адамдармен қарым-қатынасына, сөйлеуіне, т.б іс-әрекеттері де із қалдырады.

Мектеп интернаттарында балалар дамуындағы шынайы қауіп — оларды «өзгелердің ақылымен» басқарыла отырып, өмір сүруінде. Үнемі қатарластарының ішінде жүруі, шулы уақытта бос өткізетін ортада жүруі, ересектердің оларға сирек көңіл аударуы, балалардың жүйкесінің шаршауына себепші болады. Бұл тәрбиенің жетіспеушілігі болып табылады.

Жалпы айтқанда балалар үйінде тәрбиеленушілер психикасы жағынан кейін қалып отырады және де ауытқулары да байқалады.

Сонымен балалар үйінде тәрбиеленушілердің психикалық дамуын қарастыра келіп, аталған мекеменің әр тәрбиешінің жеке даралық және жас ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы ұйымдасқан психологиялық қызмет көрсетуді талап етіп, айтуымызға болады. Себебі, жабық түрдегі мекеме психологы балалардың психикалық дамуындағы өзгерістерінің орнын басуға мүмкіндік беретін дамытушы, психокоррекциялық бағдарламаларды құруы балалар үйінде тәрбиеленушілердің көптеген мәселелерін шешуге жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мақашқұлова Г. Балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің психикалық ерекшеліктері. Қазақстан мектебі, 11-12/2005, 52-53 б.
2. Прихожан А.М., Толстых Н.Н. Дети без семьи. М, 1990, 176 б.
3. А.И. Кравченка. Социальная работа. М, 2008, 275 б.

УДК 316.3:[338.46:364]

АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ЖҮЙЕСІ

Қазизова Айгерім

Aygerima93@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті Әлеуметтік Ғылымдар факультеті Әлеуметтік Жұмыс мамандығының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекші – Есимова Д.Г.

Соңғы 20 жыл ішінде шетел елдерінде әлеуметтік жұмыс қолдаудың әлеуметтік моделі шеңберінде құрылады және қиын өмірлік жағдайдағы адам тұлғасына, сонымен қатар әлеуметтік мәселелерді жоюға, өмір сүру ортасын өзгертуге бағытталған. Қазіргі таңда Қазақстан арнаулы әлеуметтік қызметтер мен әлеуметтік жұмыстың кәсіби институтының тарихи қалыптасу кезеңінде тұр. Балалар халықтың әлсіз әлеуметтік тобы ретінде әрқашанда мемлекет жүргізіп отырған әлеуметтік саясаттың басым бағыты болып табылады. Жетім балалар, мүгедек балалар, психоневрологиялық аурулары бар, тірек – қимыл аппаратының бұзылысы бар, ата – ана қамқорлығынан айырылған балалар, қараусыз және қадағалаусыз қалған балаларға мемлекет тарапынан түрлі арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі. Осыған орай Елбасы 2009 жылы халыққа көрсетілетін қызметтердің тиімділігін арттыру мақсатында "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заңын қабылдады. «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заңы тұрғындарға әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің дамуына және Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып

оның модернизациясына мүмкіндік берді. Арнаулы әлеуметтік қызметтер – өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтарға (отбасыға) туындаған мәселелерді шешу және олардың қоғам өміріне белсене араласуын қамтамасыз етуге бағытталған қызметтер кешені. Арнаулы әлеуметтік қызметтердің 8 түрі тағайындалуына байланысты келесідей бөлінеді:

Кесте 1

АӘҚ түрлері

Әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер	Балалар мен 18 жастан асқан азаматтардың жеке қажеттіліктеріне байланысты тұрмыстық тіршілік әрекеттерін қолдауға бағытталған.
Әлеуметтік-медициналық қызметтер	Балалар мен 18 жастан асқан азаматтардың жеке бас жағдайын ескере отырып, адамдардың денсаулығын қолдауға және жақсартуға бағытталған;
Әлеуметтік-психологиялық қызметтер	Балалар мен 18 жастан асқан адамдардың жеке бас жағдайын ескере әлеуметтік үйренуіне, әлеуметтік және ықпалдастыруға бағытталған;
Әлеуметтік-педагогикалық қызметтер	• Балаларды дене және ақыл – ой қабілеттеріне сәйкес оқыту және педагогикалық түзету; • 18 жастан асқандарға тұрмыстық дағдыларға және қол өнер шеберлігіне үйрету;
Әлеуметтік-еңбек қызметтері	Балалар мен 18 жастан асқан адамдардың еңбек дағдыларын қалыптастыруға, еңбек қызметін ұйымдастыруға және 18 жастан асқан адамдар үшін жұмыс орындарын құруға бағытталған;
Әлеуметтік-мәдени қызметтер	Демалысты ұйымдастыруға, әлеуметтік – мәдени іс – шараларды өткізуге және оларға балалар мен 18 жастан асқан адамдарды тартуға бағытталды;
Әлеуметтік-экономикалық қызметтер	Халықты әлеуметтік қолдау саласындағы ҚР заңнамасына сәйкес балалар мен 18 жастан асқан адамдардың өмір сүру деңгейін қолдау мен жақсартуға бағытталған.

Өмірлік қиын жағдай – адамның тыныс – тіршілігін объективті түрде бұзатын, оны өз бетінше шеше алмайтын «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңында көзделген негіздер бойынша танылған ахуал. Адам өмірлік қиын жағдайда деп танылуы мүмкін негіздер: жетімдік; ата – ана қамқорлығынсыз қалу; кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуы, оның ішінде девианттық мінез – құлық; үш жасқа дейінгі балалардың туғаннан бастапқы психофизикалық дамуы мүмкіндіктерінің шектелуі; дене және ақыл – ой мүмкіндіктеріне байланысты ағза функцияларының тұрақты бұзылуы; әлеуметтік аурулар салдарынан тыныс – тіршілігінің шектелуі; қартаюына байланысты ауруы немесе мүгедектігі салдарынан өзіне – өзі күтім жасай алмау жағдайы; әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соқтырған қатыгездік; бас бостандығынан айыру орындарынан босау; белгілі бір тұрғылықты жерінің болмауы. Әлеуметтік қызмет көрсету келісінің жаңа талаптары бойынша:

- Арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетуде мемлекет кепілдік береді және келесідей қиын жағдайда деп танылса: жетімдік, қараусыз және қадағалаусыз, девиантты мінез – құлық, мүгедектік, қарт жаста өз – өзіне қызмет көрсете алмау мәселесі, зорлық – қомбылық көру және т.б жағдайларда тегін көрсетіледі;

- Арнаулы әлеуметтік қызметтер стандартталған және қызметтердің белгіленген тізімі мен көлемі, талабы мен реті бойынша көрсетіледі.

- Арнаулы әлеуметтік қызметтер клиенттерге тек олардың қоршаған ортасының деңгейін, қоғамдағы ара – қатынасын, денсаулық жағдайын есепке ала отырып қызмет алудағы қажеттіліктерін анықтау мен бағалау жұмыстарынан кейін беріледі.

- Арнаулы әлеуметтік қызметтер клиентке таңдау жасауға мүмкіндік береді, яғни үйде, күндізгі уақытта жағдайында, тұрақты және уақытша қызмет көрсететін ұйымдарда көрсетіледі.

- Азаматтарға 8 түрлі арнаулы әлеуметтік қызметтерді пайдалануға мүмкіндік беріледі, нәтижесінде адам кешенді түрде тұрмыстық қызмет көрсету бойынша қолдау көреді, қажеттілік туындаған уақытта педагогикалық және психологиялық көмек алады, сонымен қатар оларды мәдени және спорт саласына тарту, жұмысқа орналастыру арқылы кәсіби дағдыларын қалпына келтіру, кепілдендірілген жәрдемақы мен жеңілдіктерді рәсімдеу және т.б. сұрақтар бойынша заңды кеңестер ала алады.

Бұл келістер тірек – қимыл аппаратының бұзылысы бар балаларға, психоневрологиялық аурулары бар азаматтарға, мүгедек және қарт адамдарға арналған интернаттар үшін баламалы формаларды құруға мүмкіндік береді. Жүргізілген талдау қорытындысы бойынша 2013 жылы арнаулы әлеуметтік қызметтерді тұтынатын азаматтар саны 2009 жылмен салыстырғанда 22,4 % - ды құрады, яғни 90,3 мың адам. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілер - арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі мемлекеттік және мемлекеттік емес секторларда жұмыс істейтін жеке және (немесе) заңды тұлғалар. Қабылданған «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заңы қызмет көрсетуде мемлекеттік ұйымдарда жаңа жағдайларды құрды, сонымен қатар үкіметтік емес секторды жұмылдырды. Үкіметтік емес ұйымдарды қызмет көрсету нарығына жұмылдыру бәсекелестіктің және арнаулы әлеуметтік қызметтердің тиімділігінің артуына әкелді. Қазіргі таңда 52 ҰЕҰ қызметтері 3,3 мың адамды қамти отырып, республикамыздың 15 аймағында көрсетіледі. ҰЕҰ басым көпшілігі Шығыс Қазақстан облысы – 12, Павлодар облысы – 12 және Ақмола облысында - 7 орналасқан. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін ұйымдар саны 12 %-ға немесе 2013 жылы 709 – ға өсті (*Кесте 2*) және де тұтынушылар саны 2 есе, яғни 2009 жылы – 5 296 адам, 2013 жылы – 11 130 адам.

Кесте 2

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар типтері

Типтері	Түрлері
Стационарлы типтегі (105)	- Психоневрологиялық аурулары бар мүгедектерге арналған МӘҰ - 35 - Тірек – қимыл бұзылыстары бар балаларға арналған МӘҰ - 4 - Психоневрологиялық аурулары бар және мүгедек балаларға арналған МӘҰ - 17 - Қарттар мен мүгедектерге арналған МӘҰ – 49 - Күндізгі болу бөлімшелері (орталықтар)
Жартылай стационарлы типтегі ұйымдар (68)	- Мүгедек – балалар мен мүгедектерге арналған оңалту орталықтары - Қарттар мен мүгедектерге арналған аумақтық орталықтар
Үйде қызмет көрсету типіндегі ұйымдар (512)	- Балаларға және 18 жастан асқан азаматтарға үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшелері - Қарттар мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшелері
Уақытша қызмет көрсету типіндегі ұйымдар (24)	- Тұрғылықты тұратын жері жоқ азаматтарға арналған ӘБ орталықтары - Түнгі болу бөлімшелері (орталықтар)

Күндізгі уақыттағы ұйымдардың үлкен үлесі Шығыс Қазақстан облысы – 16 бөлімше, Қостанай – 9 бөлімше, Оңтүстік Қазақстан облыстарына – 6 бөлімше келеді. Ал Ақтөбе облысында 51 адам психоневрологиялық аурулармен есепте тұрғанымен күндізгі

бөлімшелер жоқтың қасы. Стационарлық типтегі медико – әлеуметтік мекемелеріндегі қызметті тұтынушылар саны 5 %- ға өсті, яғни 2009 жылы 19 670 адамды құраса, 2013 жылы 20 732 адамды құрады. Негізгі өсім Қарағанды, Павлодар, Қостанай, Маңғыстау және Шығыс Қазақстан облыстарына келеді. Осыған орай балалар психоневрологиялық МӘМ – гі тұтынушылар саны 13 %-ға қысқарды, яғни 2009 жылы – 2363, 2013 жылы – 2090. Бұл арнаулы әлеуметтік қызметтер жүйесінің тиімділігін көрсетіп отыр. Үйде әлеуметтік қызметтерді тұтынушылар саны 19 % - ға өсті, 2009 жылы – 43 316 адам, 2013 жылы – 53 431 адамды құрады.

Жоғарыда айтылғандай арнаулы әлеуметтік қызметтер кешенді жүйе болғандықтан, жоғары мамандандырылған кадрларды қажет етті. Яғни, психология, педагогика, әлеуметтану салаларында білімі болу қажет және әр адамның қажеттіліктерін кешенді түрде бағалай отырып мәселесін шешуге көмектесуі қажет. Осыған орай, әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің ұйымдарында қосымша бірліктер енгізу жолымен штаттар көбейді. Егер бұрында медико – әлеуметтік ұйымдардың штаттарында тәрбиешілер мен кіші медициналық персонал басым болса, қазіргі уақытта олардың орнын мүмкіншілігі шектеулі азаматтардың қажеттіліктерін анықтау мен бағалау қызметін атқаратын әлеуметтік қызметкерлер; арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін мамандардың үйлесімін қамтамасыз ететін әлеуметтік жұмыстың кеңесшілері; методисттер, дефектология, логопедия мамандары; еңбек терапиясы, емдік – физикалық мәдениет, музыкалық мамандар, диетологтар, бір жақты мамандандырылған дәрігерлер; жүйке жүйесі дәрігері, педиатр, физиотерапевт, терапевт және т.б. мамандар басты. Сонымен қатар, арнаулы әлеуметтік қызметтер жүйесі қазірде тұрғылықты тұратын жері жоқ азаматтарға көмек көрсетудің жаңа келістерін енгізуде. Мұндай қызметті тұтынушылар саны 5 мың адамға жуық көрсеткішті құрап отыр, олар арнайы тұрғылықты тұратын жері жоқ азаматтарға арналған 22 әлеуметтік бейімдеу орталықтарында тұрады. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді енгізу соңғы 3 жыл ішінде өзінің өзектілігі мен уақыттылығын дәлелдеді. Ал «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңы өмірлік қиын жағдайдан шығу үшін тең жағдайлар мен мүмкіндіктерді құруға үлкен қадам болды.

Қолданылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заңы;
2. «Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 28 қазандағы № 1222 қаулысы;
3. Статъя «Пути совершенствования системы специальных социальных услуг», МЗСР РК, Комитет труда, социальной защиты и миграции, Алматы, 2013год; Итоговые отчеты по специальным социальным услугам 2010 – 2014 года;
4. Статъя «Деятельность неправительственных организаций на рынке социальных услуг Казахстана» А.М.Нысанбаева;
5. Заключение отчет международного консультанта Л.Муранскене по теме: «Международный опыт и разработка рекомендаций по введению норматива сети объектов, оказывающих ССУ и подушевого финансирования. Концептуальное видение развития сети домов малой вместимости», 15 декабря 2013 года, г.Вильнюс;

УДК 316.334.3:351

БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ТАЛДАУ МЕН БАҒАЛАУ – МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ СФЕРАДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ РЕТІНДЕ

Қалмет Мәдина Қажмұханқызы

kmk777@inbox.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің Әлеуметтік жұмыс